

Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 3419 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Көшіп-қонушылардың әлеуметтік қорғалуын күшейту, көші-қон процестерін тұрақтандыру және мемлекеттік реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі: құқықтық, ұйымдастыру кепілдіктерін және қаржымен қамтамасыз етуді көздеп, осы Жарлықтың орындалуы жөнінде практикалық шаралар қолдансын; өзінің тарихи отанына қайтып оралатын байырғы ұлттың қоныс аударушыларын, сондай-ақ босқындарды қоныстандыру, қайтып оралушылардың ұлттық қол өнерін жаңғыртуын қамтамасыз ететін жұмыс орындарын құру, оларға кәсіпкерлік қызметте жәрдемдесу жөніндегі құқықтық актілерді әзірлеп, бекітетін болсын.

3. Облыстар әкімдері мен Алматы қаласының әкімі 1997 жылы аймақтың айрықша (әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық) ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тиісті жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландыруды жүзеге асыру арқылы аймақтық көші-қон бағдарламаларын әзірлесін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1997

жылғы

19

наурыздағы

N 3419

Жарлығымен

бекітілген

Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары

Көші-қон саясатының орта мерзімдік кезеңге арналған негізгі бағыттары республикада халықтың көшіп-қонуы белсенділігінің артуына, оның елден

тысқары кетуі мен елге келуінің, халықтың республика ішіндегі бөлінісінің тепе-теңсіздігіне, негізгі реттеуші құқықтық базаның болмауына және қаржылық қамтамасыз етілмеуіне орай жаңа тенденциялардың көрініс табуына байланысты

б о л ы п

о т ы р .

К ө ш і - қ о н с а я с а т ы н д а :

республикадағы көші-қон ағынын тиімді реттеу;
қазақтардың отанына қайтып оралуына, олардың орналасуына және жерсінуге жәрдемдесу;

көші-қон мәселелері жөнінде тиісті ұлттық заңдар әзірлеу мен қабылдау;
көші-қон проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдарды жетілдіру және нығайту басым бағыттар болып табылады.

Көші-қон саясатының мақсаты, міндеттері және принциптері.

Ішкі және сыртқы көші-қонды реттеу және ретке келтіру, қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтық татулықты сақтау, сондай-ақ көшіп-қонушылардың құқықтарын жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының аумағында баспана іздеген адамдарға мейірбандылық көрсетілуі үшін жағдай жасау көші-қон саясатының бірінші кезектегі мақсаты болып табылады.

Көші-қон саясатының негізгі мақсаттары мыналар:

көшіп-қонушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
әрбір азаматқа елден еркін кету құқығын берудің, көші-қон шығынының себептерін анықтаудың және оларды кемітуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асырудың негізінде эмиграция процестерін реттеу;

орналастыру аймақтарының экономикалық-әлеуметтік дамуы мен ауа райының ерекшеліктерін, көшіп-қонушылардың ұлттық жарастылығын, психологиясының өзгешелігін ескере отырып, негізделген квоталар белгілеу және иммиграциялық бақылауды ұйымдастыру, келген отандастарды қабылдау және жайластыру жолымен көші-қонды реттеу кезінде мемлекеттік мүдделерді сақтау ;

халықтың теңестірілген аумақтық бөлінуін қолдау және ынталандыру жолымен елдің ішіндегі көші-қон ағынын реттеу, көшіп-қонушылардың жерсінуге процесіне белсене қатысуына жәрдемдесетіндей етіп оларды қабылдауға және орналастыруға жағдай жасау ;

көші-қон ықтималдығын болжап бағалаудың негізінде көші-қон саясатын жүзеге асыруда орта мерзімді және ұзақ мерзімді стратегия жасау.

Алға қойылған міндеттерге орай көші-қон саясаты мынадай іргелі принциптерге :

адамның тұратын жері мен кәсіп түрін еркін таңдап алу құқығын, кетуге еріктілік құқығын қамтамасыз етуге ;

көшіп-қонушыларды нәсілі, діни нанымы, жынысы, жасы, белгілі бір

әлеуметтік топқа жататыны немесе саяси сенімі бойынша кемсітуге жол
б е р м е у г е ;

республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның өткен
тарихы мен салт-дәстүрлерін, дамыту келешегін ескере отырып, көші-қон
заңдарының халықаралық нормаларға және Көші-қон жөніндегі халықаралық
ұйымның ұсынымдарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

көшіп-қонушыларды бастамашылығы мен ынталы іс-әрекетіне мемлекеттік
қолдау жағдайында олардың өздерінің, бірінші кезекте экологиялық және табиғи
апаттар аймақтарынан қоныс аударушылардың жаңа жерде жайғасуға тікелей
қ а т ы с у ы н а ;

республиканың заңдарында және халықаралық келісімдерде көзделген
жағдайлардан басқа ретте, босқындарды көшіріп жіберуге немесе келген еліне
күштеп қайтаруға тыйым салуға;

басқа елдермен, әсіресе көшіп-қонушыларды қабылдаушы елдермен жасырын
көшіп-қонуды азайту, білім алу, кәсіби даярлықтан өту, жұмысқа келу түріндегі
уақытша көші-қонға жәрдемдесу саласында ынтымақтасуға сәйкес жүзеге
а с ы р ы л у ғ а т и і с .

Көші-қон саясатының мақсаттарын, міндеттерін және принциптерін іске
асыруды мынадай негізгі бағыттар бойынша:

көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғауды, көшіп-қонушылардың
әлеуметтік-экономикалық, тілдік және мәдени жерсінуіне жәрдемдесуді
көздейтін халықтың көші-қон саласындағы заңдарды жетілдіру;

әлеуметтік қорғау мен кепілдіктерді қамтамасыз ететін мемлекетаралық
келісімдерді ескере отырып, көшіп-қонушылардың, сондай-ақ отанына қайтып
оралушылардың ерікті негізде қайтып оралуына, олардың республика өміріне
қ а й т а к і р і г у і н е ж ә р д е м д е с у ;

көші-қонды бақылауды ұйымдастыру;

еңбек әлеуетінің сапасын арттыру, ішкі еңбек рыногын тұрақтандыру және
республиканың валюталық теңгерімін жақсарту құралы ретінде нарық
экономикасы дамыған елдерге уақытша еңбек көші-қонын дамыту;

Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясатын жүзеге асыру
жөнінде көші-қон процесіне ықпал ететін ұсыныстар әзірлеу;

халықтың көші-қон проблемаларын кешенді түрде шешу мақсатында
көші-қон қызметін нығайту мен кеңейту, оны техникалық және қаржылық
қ а м т а м а с ы з е т у ;

жалпы саяси және экономикалық ахуалды ескере отырып, көші-қон
процестерін болжау және мемлекеттік көші-қон саясатын қалыптастыру;

республикалық және аймақтық бағдарламаларды әзірлеу мен олардың
орындалуын ұйымдастыру, атқарушы өкіметтің республикалық және жергілікті

органдарының, құқық қорғау органдарының арасындағы өзара іс-қимыл тетігін
ө з і р л е у ;

көші-қон проблемаларын шешу үшін практикалық көмек көрсету және қаржы
қаражатын тарту мақсатында республикалық, халықаралық және шетелдік үкімет
органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

мемлекетаралық байланыстардың үзілуі салдарынан халықтың көшіп-қонуын
қысқарту мақсатында көлік, почта, ақпарат қызметінің жұмысын реттеу негізінде
республиканың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және алыс шет
мемлекеттермен тұрақты кепілдікті байланыстарға қол жеткізу арқылы жүзеге
асыру қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК